

Туу туралы куәлікті ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 429 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32952 болып тіркелді.

"Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ережеге сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Туу туралы куәлікті ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйырық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрі*

А. Ескараев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 429 Бұйрықпен
бекітілген

Туу туралы куәлікті ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Туу туралы куәлікті ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 28-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және туу туралы куәліктерді ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін белгілейді.

2. Туу туралы куәлік – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын, оның туу фактісінің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжат.

3. Туу туралы куәлік мынадай құжаттардың бірін – Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін не шетелдік паспортты алғанға дейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат болып табылады.

2-тарау. Туу туралы куәлікті ресімдеу және беру тәртібі

4. Егер баланың тууын мемлекеттік тіркеуге ата-аналары емес, басқа адамдар (бұдан әрі – мүдделі адамдар) өтініш жасаса, онда осы адамдар өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ баланың тууын тіркеуге оның өкілеттігін растайтын құжатты ұсынады

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 26.03.2026 № 285 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу үшін ата-аналар, олардың біреуі, ал олар қайтыс болған, науқастанған немесе өтініш беруге өзге себептермен мүмкіндігі болмаған жағдайда – мүдделі адамдар немесе бала туған кезде анасы жатқан медициналық ұйымның әкімшілігі бала туған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен (бұдан әрі – туу туралы өтініш) Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органға өтініш берушінің қалауы бойынша жазбаша нысанда не "электрондық үкімет" порталы арқылы электрондық түрде жүгінеді.

6. Бала Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туған жағдайда баланың тууы туралы өтінішті ата-аналары не басқа да мүдделі адамдар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне оның туған күнінен бастап екі айдан кешіктірмей беруге тиіс.

7. Бала өлі туған жағдайда медициналық ұйымның жауапты лауазымды адамы туу туралы өтінішті босанған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей ресімдейді.

8. Екі немесе одан да көп баланы мемлекеттік тіркеу кезінде туу туралы өтініш әрқайсысына қатысты жеке беріледі.

9. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініш берушінің таңдауы бойынша проактивті көрсетілетін қызмет арқылы баланың тууын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру кезінде баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш беру талап етілмейді.

10. Ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі тиісті ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағында тұратын азаматтар балаларының тууын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдауды және тууды мемлекеттік тіркеу мен жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорға мәліметтер

енгізу үшін оларды "Неке (ерлі – зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) көзделген мерзімдерде ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың тиісті тіркеуші органына беруді, сондай-ақ туу туралы куәліктерді, қажет болған кезде анықтамаларды беруді және табыс етуді жүргізеді.

11. Медициналық ұйымнан тыс жерде, оның ішінде үйде босанған жағдайда, туу туралы медициналық куәлікті ол босанғаннан кейін жүгінген босандыру ұйымының жауапты медицина қызметкері анасының жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес ресімдейді.

12. Бала медициналық ұйымда туған және анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайларда туу фактісін мемлекеттік тіркеу кезінде анасының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) туу туралы медициналық куәлікке сәйкес толтырылады, онда анасы туралы мәліметтер оның сөздерінен жазылғандығы туралы белгі болады.

13. Бұдан әрі баланың анасы туралы мәліметтер туу туралы акт жазбасына Кодексте көзделген тәртіппен толықтырылады.

14. Туу туралы медициналық куәлік болмаған жағдайда баланың тууын мемлекеттік тіркеу туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі негізінде жүзеге асырылады.

15. Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууы ішкі істер органдарының, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, білім беру ұйымы әкімшілігінің немесе бала орналастырылған медициналық ұйымның өтініші бойынша тауып алынған, бас тартылған немесе қалдырылған күннен бастап жеті тәуліктен кешіктірілмей тіркелуге тиіс.

Өтінішке бала табылған уақытты, жерді және мән-жайларды көрсете отырып, ішкі істер органы немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган жасаған хаттама немесе акт; табылған баланың жасы мен жынысын растайтын медициналық ұйым берген құжат және бала туралы басқа да дербес мәліметтер қоса беріледі.

16. Баланы белгісіз ана тастап кеткен жағдайда медициналық ұйымның әкімшілігі екі куәгердің қатысуымен хаттама жасайды. Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде хаттамалар медициналық ұйымның лауазымды адамының тасталған (бас тартылған) баланы тіркеу туралы өтінішіне қоса беріледі.

17. Некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезде бойға біткен және әкесі қайтыс болғаннан кейін немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін не неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылғаннан кейін туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу, егер әкесі қайтыс болған немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған не ол жарамсыз деп танылған күннен бастап екі жүз сексен күннен аспаса, жалпы негіздерде жүргізіледі.

18. Бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығымен бекітілген Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу, азаматтық хал актілерінің күшін жою және қалпына келтіру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10764 болып тіркелді) (бұдан әрі - Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру қағидалары) 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының негізінде жүргізеді.

19. Бала кәмелетке толған соң тууды мемлекеттік тіркеу оның жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.

20. Экспедицияларда және шалғай жерлерде, сондай-ақ анасының теңіз, өзен, әуе кемесінде немесе пойызда болған уақытында туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу ата-анасының не олардың біреуінің қалауы бойынша кез келген тіркеуші органда жүргізіледі.

Мұндай жағдайларда баланың туған жері ретінде баланың тууын мемлекеттік тіркеу жүргізілетін әкімшілік-аумақтық бірлік көрсетіледі.

21. Бір-бірімен некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) әкесі мен анасы туу туралы жазбалар кітабына олардың кез келгенінің өтініші бойынша баланың ата-аналары болып жазылады. Мұндай жазбаға неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік негіз болып табылады.

22. Некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) және қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдануға өз келісімін жазбаша нысанда берген адамдарда осы әдістерді қолдану нәтижесінде бала туған жағдайда олар туу туралы актілер жазбасының кітабына оның ата-аналары болып жазылады.

Суррогат ана болу шартына сәйкес бала туылған жағдайда ерлі-зайыптылар туу туралы актілер жазбасының кітабына оның ата-аналары болып жазылады.

23. Бала тууды тіркеу кезінде, егер ата-аналарының арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, сот оны жарамсыз деп таныған немесе жұбайы қайтыс болған жағдайда, бірақ неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, ол жарамсыз деп танылған немесе жұбайы қайтыс болған кезден бастап екі жүз сексен күннен астам уақыт өтпесе, анасы туралы мәліметтер туу туралы медициналық куәліктің немесе туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі негізінде, баланың әкесі туралы мәліметтер неке қию (ерлі-зайыптылық) немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің немесе акт жазбасының, әкесінің қайтыс болуы туралы куәліктің немесе акт жазбасының негізінде енгізіледі.

24. Бала неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, ол жарамсыз деп танылған немесе бала анасының жұбайы қайтыс болған кезден бастап екі жүз сексен күн ішінде туған

жағдайда, егер өзгеше дәлелденбесе, анасының бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып танылуы мүмкін.

Егер баланың анасы өзінің жұбайы не бұрынғы жұбайы баланың әкесі емес деп мәлімдесе, баланың әкесі баланың өз анасының және әкесінің не жұбайының, бұрынғы жұбайының бұл туралы жазбаша өтініші болған кезде Кодекстің 47-бабының 5-тармағында немесе 48-бабында көзделген қағидалар бойынша анықталады. Мұндай өтініш болмаған жағдайда бұл мәселе сот тәртібімен шешіледі.

Босанған әйелдің жұбайының немесе бұрынғы жұбайының басқа адамның әке болуын анықтауға келісімі ішкі істер органы берген, жедел-ізвестіру іс-шаралары жүргізілгені туралы немесе соттың оны хабар-ошарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз деп танығаны туралы заңды күшіне енген шешімі туралы растайтын құжат болған кезде міндетті емес.

25. Босанған әйелдің жұбайы болып табылмайтын адам жазбаша мойындаған жағдайда және оның күйеуінің жазбаша келісімі болған кезде тууды тіркеу кезінде баланың әкесі болып осы адам жазылады.

26. Егер баланың ата-анасы бір-бірімен некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) жағдайда анасы туралы мәліметтер Кодекстің 187-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде енгізіледі.

Бұл жағдайда тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасына әкесі туралы мәліметтер:

1) Кодекстің 192-1-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, егер әке болу баланың тууын мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде анықталатын жағдайда;

2) егер әке болу анықталмаса, некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) анасының өтініші бойынша енгізіледі.

Тууды жазу кітабында баланың әкесінің тегі анасының тегі бойынша, баланың әкесінің аты мен әкесінің аты оның нұсқауы бойынша жазылады. Енгізілген мәліметтер әке болуды анықтау туралы мәселені шешуге кедергі болып табылмайды.

Баланың әкесі туралы мәліметтер анасының қалауы бойынша туу туралы акт жазбасына енгізілмеуі мүмкін;

3) өзін баланың әкесімін деп мойындаған адамның өтініші бойынша баланың анасының келісімі болған кезде енгізіледі.

Анасы туралы мәліметтер осы Кодекстің 187-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде енгізіледі, әкесі туралы мәліметтер осы адамның көрсетуі бойынша жазылады.

Бұдан әрі баланың анасы туу туралы актіге енгізілген баланың әкесі туралы мәліметтер мен келіспеген кезде түзетулер Кодексте көзделген тәртіппен жүргізіледі.

27. Егер тууды тіркеу кезінде өтініш беруші ата-аналарының ұлттық тиесілігін көрсетуге ниет білдірсе, онда баланың тууы туралы акт жазбасында ата-аналарының –

Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген ұлтына сәйкес көрсетіледі.

28. Шетелдік болып табылатын ата-анасының ұлттық тиесілігі туралы мәліметтер оның шетелдік паспортына сәйкес көрсетіледі.

Шетелдіктің шетелдік паспортында ұлты туралы мәліметтер болмаған кезде ол өзі азаматы болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті органы берген құжатқа сәйкес айқындалуы мүмкін.

29. Туу туралы куәлік мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған күні және жері;
- 2) акт жазбасының жасалған күні және нөмірі;
- 3) жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 4) егер жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген болса, ата-аналарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ұлты;
- 5) ата-аналарының азаматтығы;
- 6) мемлекеттік тіркеу орны (тіркеуші органның атауы);
- 7) туу туралы куәліктің берілген күні;
- 8) құжатты берген тіркеуші органның атауы.

30. Туу туралы куәліктер қазақ немесе орыс тілінде толтырылады.

31. Баланың ата-аналары туралы мәліметтер олардың жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

32-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 26.03.2026 № 285 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Ата-аналардың жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде баланың ата-аналары туралы мәліметтер азаматтық хал актілерінің ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) мәліметтеріне сәйкес толтырылады.

33. Электрондық нысандағы және қағаз жеткізгіштегі азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбаларының, куәліктер мен анықтамалардың нысандары "Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық және қағаз жеткізгіштегі акт жазбаларының, куәліктер мен анықтамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10173 болып тіркелді).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

34-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 26.03.2026 № 285 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Баланың тууын мемлекеттік тіркеуге түскен құжаттарды тексергеннен кейін баланың тууын тіркеу туралы мәліметтер АХАЖ АЖ - ға енгізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

35-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 26.03.2026 № 285 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Баланың тууын АХАЖ АЖ-да мемлекеттік тіркегеннен кейін акт жазбасы екі данада басып шығарылады және туу туралы куәлік қалыптастырылады. Туу туралы акт жазбасының негізінде туу туралы куәлік ресімделеді, қажет болған жағдайда туу туралы анықтама беріледі (куәліктердің елтаңбалық бланкілері болмаған кезде).

36. Туу туралы куәліктер мен анықтамалар азаматтық хал актілері мемлекеттік тіркелгеннен кейін өздеріне қатысты акт жазбасы жасалған адамдарға электрондық нысанда немесе олардың қалауы бойынша қағаз жеткізгіште беріледі.

37. Электрондық нысанда берілген туу туралы куәлік, анықтама құжатты берген тіркеуші орган бастығының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

38. Қағаз жеткізгіште берілген туу туралы куәлік, анықтама тіркеуші орган бастығының қолымен, құжатты берген тіркеуші органның елтаңбалық мөрімен бекітіледі.

39. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі туу туралы куәлік, анықтама құжатты берген Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі лауазымды адамының қолтаңбасымен және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің елтаңбалық мөрімен бекітілген қағаз жеткізгіште беріледі.

40. Өлі туған баланың туу туралы куәлігі берілмейді. Өлі туған балаға қатысты өлі туған баланы мемлекеттік тіркеу туралы анықтама беріледі.

3-тарау. Туу туралы куәлікті ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібі

41. Қағаз жеткізгіштегі туу туралы бастапқы куәлік жоғалған немесе пайдалануға жарамсыз болған жағдайларда тіркеуші органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері акт жазбасының негізінде туу туралы қайталама куәлік береді.

42. Акт жазбасы жасалған адамдар (жаңа туған балаларды қоспағанда) немесе олардың уәкілетті өкілдері туу туралы қайталама куәлікті алу үшін Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру қағидаларына сәйкес құжаттар ұсынады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

43-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 26.03.2026 № 285 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. АХАЖ АЖ-да тіркелген туу туралы акт болған кезде туу туралы қайталама куәлік тіркеуші органға қажетті құжаттар келіп түскен кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде беріледі.

АХАЖ АЖ-да акт жазбасы болмаған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.

44. Туу туралы қайталама куәлік акт жазбаларымен дәлме-дәл сәйкестендіріліп жазылады. Жергілікті жерлердің атауы сол кездегі әкімшілік-аумақтық бөлініске дәлме-дәл сәйкестендіріліп көрсетіледі, ал мемлекеттік тіркеу орны ретінде қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша осы жерде қызмет көрсеткен тіркеуші орган көрсетіледі.

Қайталап берілетін туу туралы куәліктердің бірінші бетінің жоғарғы жағында "Қайталама" деп көрсетіледі.

45. Он алты жасқа дейінгі балалардың туу туралы қайталама куәліктері ата-аналарына, қорғаншыларына, бала асырап алушыларына, қамқоршыларына және балалар тәрбиеленіп жатқан балалар мекемелерінің әкімшіліктеріне беріледі.

Он алты жастан асқан, бірақ он сегіз жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжат алмаған балаларға қайталама куәліктер ата-аналарының бірінің не қорғаншысының, бала асырап алушысының қатысуымен олар жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде беріледі.

46. Өздеріне қатысты ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға балалардың тууы туралы қайталама куәліктері құқықтары қалпына келтірілгенге дейін берілмейді.

Ата-ана құқықтарынан айыру фактісін тіркеуші орган архивте сақтауда тұрған туу туралы акт жазбасын тексеру арқылы тексереді.

47. Туу туралы қайталама куәлік берілген жағдайда куәліктің бұрынғы бланкісі жарамсыз болып табылады, ол туралы жеке тұлғалар туралы дерекқорда белгі жасалады.

48. Туу туралы куәлік пайдалануға жарамсыз болған және туған бала және ата-аналары туралы деректерді сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайларда туу туралы куәлік жарамсыз болып табылады және тіркеуші органға тапсырылуға және ауыстыруға тиіс.

49. Туу туралы куәлікті алып қоюды алдын ала тергеу, анықтау органдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ лауазымды адамдар әкімшілік іс жүргізу және азаматтықты жоғалтуды ресімдеу барысында жүзеге асырады.

50. Туу туралы куәліктерді жою туралы осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады, онда жойылған туу туралы куәліктердің сериясы, нөмірі мен күні және осы куәлікті берген тіркеуші органның атауы көрсетіледі.

51. Туу туралы куәліктерді жою үшін туу туралы куәліктер жойылатын тіркеуші орган басшысының бұйрығына сәйкес комиссия құрылады, ол тіркеуші органның қызметкерлері қатарынан кемінде үш адамы бар құрамда қалыптастырылады.

52. Актіге комиссия мүшелері қол қояды және оны туу туралы куәліктер жойылатын тіркеуші органның басшысы бекітеді.

Туу туралы куәлікті беру,
ресімдеу, ауыстыру, тапсыру,
алып қою және жою
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

Туу туралы куәлік



Туу туралы куәлікті беру,
ресімдеу, ауыстыру, тапсыру,
алып қою және жою
қағидаларына
2- қосымша

Нысан

"Бекітемін"

тіркеуші органның басшысы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

20__ жылы " __ " _____

Туу туралы куәліктерді жою актісі

Біз, төменде қол қоюшылар, мынадай құрамда:

1. _____

(лауазымы) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

2. _____

(лауазымы) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

3. _____

(лауазымы) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

№ __ туу туралы куәліктердің жойылғаны туралы осы актіні жасадық.

Қосымша: жойылған туу туралы куәліктердің көшірмелері.

қолы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

қолы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

қолы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)